

МРНТИ 16.21.61

Н.Н. Аитова

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, филология
ғылымдарының докторы, доцент
Алматы қаласы, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР АТАУЛАРДЫҢ АССОЦИАЦИЯЛЫҚ ӨРІСІ

Аннотация. Мақалада ұлттық материалдық мәдениетке қатысты кейбір атаулардың ассоциациялық өрісі қарастырылып, эксперимент арқылы зерттелген.

Тірек сөздер: тілдік сана, семантикалық өріс.

Н.Н.Аитова

Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова, доктор
филологических наук, доцент
Алматы, Казахстан

АССОЦИАТИВНОЕ ПОЛЕ НЕКОТОРЫХ НАИМЕНОВАНИЙ, КАСАЮЩИХСЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ И МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация. В данной статье рассматривается и исследуется посредством эксперимента ассоциативное поле некоторых наименований, касающихся национальной и материальной культуры.

Ключевые слова: языковое сознание, семантическая поле.

N.N. Aitova

Aktobe Regional State University named after K. Zhubanov, Doctor of Philology, Associate
Professor. Almaty, Kazakhstan

THE ASSOCIATIVE FIELD OF SOME NAMES RELATED TO NATIONAL AND MATERIAL CULTURE

Annotation. This article examines and explores through an experiment the associative field of some names related to national and material culture.

Keywords: language consciousness, semantic field.

XX ғасырдың 90-жылдарында Мәскеу психолингвистикалық мектебі қалыптастырған *тілдік сана* деп аталған жаңа зерттеу нысаны кейін ауқымды ғылыми теориялық тұжырымдарға ұласқаны белгілі, сонымен қатар этнопсихолингвистикалық зерттеулер үшін жаңа әдіснаманың негізі жасалды. Осыған байланысты «өз бейнесі» (өз этносының бейнесі) және «бөгде бейне» ретінде өмір сүретін қоғамдық сананың өмір сүру формасы іспетті қарастырылатын тіл мен мәдениетті салғастыру әдісін жасау мәселесі де туындады.

Кез-келген тілдің ассоциациялық сөздігін құрастыру мүмкіндігі адам психикасындағы сана бірліктері байланыстары туралы психологиялық түсініктерге негізделеді. Сана бірлігі ретінде қабылдау, елестету, түсіну, эмоция, сезім бейнелері алынуы мүмкін. Ассоциативтік

сөздік құрастыру үшін ассоциациялық экспериментке қатысушылардың стимул-сөздерге жасалған реакциялары алынады.

Ассоциациялық сөздік материалдарын пайдалану сөйлеу әрекеті мен мінез-құлық механизмдерін зерттеудің, тіл мен сөйлеудегі семантика мен синтаксистің арақатынас қағидаларын, индивидуалды семантикалық өзгерістерді әлеуметтендіру заңдылықтарын және жаңа типтік ассоциативтік байланыстар орнатудың жаңа тәсілдерін белгілеуге мүмкіндік береді.

Психолингвистикалық технология тұрғысынан қарағанда, ассоциативтік сөздік ерікті ассоциациялық эксперимент материалдарын талдау, жалпылау нәтижесінде пайда болады және сөздер арасындағы тура (стимулдан реакцияға), сондай-ақ кері (реакция-дан стимулға) мәліметтерді мазмұндайды, екі жағдайда да сандық көрсеткіштер ол байланыстардың беріктігі туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Қазақ тіл білімінде ассоциациялық сөздік материалдарын машиналық өңдеуге арналған арнайы бағдарламалар жасала қойған жоқ. Егер ондай бағдарлама болса, сөздер арасындағы тура және кері байланыстардың мейлінше ықтималдығын, сонымен қатар ол байланыстардың күшін де анықтауға мүмкіндік туар еді, сөйтіп сөз мағыналарының жақындығын, жуықтығын талдауға алу да жеңілдер еді. Әдетте сөз реакцияларда сөз мағыналары жақын не сәйкес түссе, олардың байланыстары бар немесе күшті деп, ал реакция біртекті сөздер жиынтығынан тұрса, олардың байланыстары тең дәрежеде деп қарастырылады. Қазақ тіл ғылымында материалдық мәдениетке қатысты атауларды танымдық тұрғыдан зерттеген ғалым Ж.А.Манкееваның еңбегін [1] негіз ете отырып, оның ассоциациялық өрісін ашып, мағыналардың тілдік және танымдық тұрғыдан алыс, жақындығын анықтауға тырыстық, эксперимент жасалды.

Кез келген ассоциативтік сөздік құрудың негізгі құралы психология мен психолингвистикада кең қолданылатын еркін ассоциативтік эксперимент әдісі болып табылады. Бұл әдіс көмегімен әдетте тіл тасымалдаушысы сезіне бермейтін немесе зерттеудің өзге тәсілдері арқылы анықталмайтын адамның тілдік санасы мен сөйлеу, тілдік айтылым құрылуының тәсілдерінің қызмет ету ерекшелігін талқылауға болады.

Ассоциациялық реакцияларды зерттеудің басты артықшылығы тілдің сөздік құрамы, дәлірек айтқанда, тіл тасымалдаушысының сөздік қорының семантикалық құрылыммен арақатынасында беруінде. Еркін ассоциациялық эксперимент «семантикалық өрістің» психологиялық эквиваленттерге қатысты ақпаратын алуға мүмкіндік жасайды және тіл тасымалдаушыларының психикасында нақты өмір сүретін сөздердің семантикалық байланысын ашуға септігін тигізеді.

Ассоциациялық реакцияларды зерттеудің екінші артықшылығы лингвистер назарынан тыс қалып жүрген сөздердің тілдік синтагматикалық байланыстармен шарттастығын көрсететінінде. Реакциялардың синтагматикалық сипаты ғана тілді зерттеу, оқыту аясында теориялық және практикалық үлкен қызығушылық тудырады.

Ассоциативтік эксперименттердің ең басты мақсаты – ғалам туралы білім моделін құру және бір этнос арасында ғаламның тілдік бейнесін түсіндіру. Әр халықтың өмір тәжірибесінің күрделілігіне, қалай, нені басынан өткергеніне қарай тілдік білімі де өзгеріске түсіп отырады. Бұл ретте уақыт факторын, яғни заманның өзгеруі, қоғамдық формацияның өзгеруін де атап өту қажет. Себебі 70-80-жылдардағы тілді тасымалдаушы мен ХХІ ғасыр тілдік тасымалдаушылардың (жаңа ұрпақтың) кей сөздер аясындағы ассоциациялары екі түрлі. Қазіргі ұрпақтың ұлттық мәдениетке қатысты сөздерге байланысты ассоциациялары жұтан, не болмаса басқа бір экспрессивті бояу мен тілдік тұжырымдарға ие. Бұған дәлел ретінде эксперимент нәтижесін ұсынуға болады. Сондай-ақ ассоциативтік өріс ғаламның субъективті тілдік бейнесін көрсетеді.

Ассоциация – адамның жеке, субъективтік тәжірибесіне негізделген құбылыстар мен объектілер арасындағы байланыс. Оның ерекшелігі, біріншіден, адамзат тәжірибесіне

сай құрылғанмен, дербес ойлаудың сәттік көрінісі болуы. Ассоциация белгілі бір ұлт өкілінің сол ұлтқа тән болмысын да, субъективті және ситуациялық білім мазмұнын да, әлеуметтік құбылыс әсерін де белгілеуге мүмкіндік береді.

Ассоциативтік эксперимент алыну сипатына қарай индивидуальді және жалпы деп екіге бөлінеді. Индивидуальді эксперимент – белгілі бір информанттан бірнеше рет бір стимул сөзді қайталап алу арқылы алынады. Жалпы эксперимент бірнеше информанттан бір уақытта ортақ стимул – сөз арқылы алынады.

Р.Фрумкина ассоциацияның түрлерін синтагматикалық, парадигматикалық, метафора-лық деп, ал типтерін мағыналық жақын (сөз – синоним), мыс.: әдемі (сөз – стимул) – ажарлы (реакция); қарама-қарсы мағыналы (сөз – антоним); дыбыстық сәйкестікті (рифма жасау арқылы), жоғары – төмен қатынасты, бөлшек – бүтін, бүтін – бөлшек типті деп бөледі [1,60-95].

Ассоциативтік өріс мәселесі де арнайы зерттеу нысаны болған. Ассоциативтік өрістің нейролингвистикалық негізін анықтаған – психолог А.Р.Лурья. Олардың таза тілдік, семантикалық жағын зерттеген А.П.Клименко, А.А.Залевская, Г.Гиздатов еңбегінде де қазақ, орыс тіліндегі кейбір сөздердің ассоциациялық өрісі беріледі. Өріс пен желідегі ассоциациялық байланыстардың тілдік күшінің сандық бағасының анықталу тәсілін Дж.Ким ұсынған болатын.

Қазақ тіл білімінде ассоциациялық сөздік құрастыру мәселесі әлі де кемшін. Біздің өзіміз бұл жұмыста ұлттық мәдениетке қатысты атаулардың ассоциациялық өрісін талдау барысында бір ғана еркін ассоциациялық эксперимент әдісін қолдандық. Оның артықшылығы әлі де тәжірибе жетіспеген, нақты теориялық, әдіснамалық әдебиеттер аз тұста белгілі бір нәтижеге қол жеткізуде аса қиындық тудырмайтын әдіс екендігімен ерекшеленеді. Жалпы ассоциациялық эксперименттің еркін түрінің өзінің жүргізілу принциптері мен процедуралары нақты дәйектелмеген. Алдымен стимул-сөздердің таңдалуына келсек, шартты түрде қазақ ұлтының жиі қолданылатын ұлттық материалдық және заттық мәдениеті атаулары өз қалауымыз бойынша таңдалды. Бұнда нәтиженің болуы мақсаттың айқын болуымен ғана қатысты. Екіншіден, респонденттер саны мен олардың ұлттық, жас ерекшеліктері, жыныстық айырмашылығы, интеллектуалды деңгейі есепке алынған жоқ. Алынған реакциялардың талдауы топтық, сандық көрсеткіштер мен шұғыл реакциялар ортақтығына байланысты топтастырылды. Бұдан басқа респонденттердің әлеуметтік, мәдени, діни, ұлттық көзқарастарына байланысты ерекшеліктерін ескерудің де маңызы зор деп ойлаймыз.

Ғалымдар ассоциациялық эксперимент нәтижесін талдауда алынған реакцияларды қай аспектіде келіп, ұғынуына байланысты талдайтындығы да маңызды. Бұдан бұрынғы ізденістерде ассоциациялық тәжірибе қорытындысында тілдік санадағы ассоциациялық құрылымды реакция санымен қатысты кестелеп, қатысушының индивидуалды ерекшелігін айқындауға басымдық берілген. Ол индивидуалды ерекшелік берілген ұғымды санада қаншалықты белсендіре алатындығымен қатысты талданып, ассоциациялық тұрғыдан синтагматикалық, парадигматикалық ассоциациялар ажыратылады. Одан басқа ассоциациялық байланыстың тұрақты құрылымдармен, эмоционалды-бағалаушытық деңгейі айқындалуы да кезігеді. Бұдан көретініміз, адам санасындағы белгілі бір стимулға берілетін реакцияның құрылымдық ерекшелігі, түзілісі, қай сөзді ілестіретініне қатысты түзілім береді. Бұл бір жағынан дәстүрлі грамматиканың құрылымдық функционалдық мазмұнының басты орында тұруымен қатысты деп ойлаймыз.

Ал этнопсихоллингвистикалық тұрғыдан ассоциациялық реакцияларды қарастыру алдымен сол ұлт санасында орныққан, мәдениеті мен тілі арқылы ерекшелген, әлеуметтік жағдаятымен өзгеріске түскен, физиологиялық, эмоционалдық табиғатымен қатысты шұғыл танылған реакциялардың әрбірін есепке алуға негізделуі қажет секілді.

Негізінен ассоциациялық сөздік сол ұлттың ассоциациялық ойлауының орташа қатысымдық деңгейіне сүйенеді. Оны Ю.Н.Карауловтың тілдік тұлғаның нөлдік, орташа, жоғары деңгейінің орташа деңгейі деп танылатын сана құрылымына негізделеді деуге болады. Мақсатқа сай бұларды жоспарлы жүзеге асырғанда ассоциациялық реакциялар бойынша бірнеше бағытта нәтиже алып, болашақ бағытбағдарларды белгілеу мүмкіндігі туа ма деп ойлаймыз. Біздің жағдайымызда, минимум ұлттық мәдениетке қатысты жас, орта, кәрі адамның түсініктері, қазақы санада толыққанды жетілген немесе орыс тілді ортада тәрбиеленген т.б. тұлғаның ұлттық құндылыққа көзқарасы, әйел немесе ер адамның ұлттық мәдениетті түсіну деңгейі, интеллектуалды жетілуіне қатысты түсініктер саралануы көзделген.

Біз өз тәжірибемізді ұлттық мәдениетке қатысты барлығы 120 ортақ стимул-сөз негізінде тараттық. Оны толық беру мақала көлеміне сыймайтындықтан кейбірі көрсетілді. Экспериментке 400 информант қатысты. Қатысушылардың жасы 9-50 аралығында. Олардың қоғамдағы мәртебесі әртүрлі (мектеп оқушысынан ғылым кандидатына дейін), өмірлік көзқарастарымен де ерекшеленеді (әртүрлі діни конфессия өкілдері), кәсіптері де әрқалай (сатушыдан бастап, түрлі ғылым салаларының қызметкерлері). Бұлар өз алдына ассоциативтік өріс негізделген тілді тасымалдаушының тілдік санасының өзегін құрайды. Біз эксперименттің негізгі тірек құрылымдары етіп алған ұлттық мәдениетке қатысты стимул-сөздерді материалдық мәдениетке қатысты және рухани мәдениетке қатысты деп екі топқа бөлген болатынбыз. Материалдық мәдениетке қатысты атаулар тобына киіз үй және оның бөлшектерін, сонымен қатар, ұлттық аспаптар мен тұрмыстық бұйымдар атауларын кірістірдік. Ал рухани мәдениетке қатысты сөздер тобына қазақ халқының туыстық атауларының біршамасын енгіздік.

Бұл көрсеткіштер ақпараттық мәнге ие болуымен қатар, құрылымдық – лексикографиялық және онтологиялық (жинақтаушы) статуска ие тілдік өріс ретінде тізбектің сапалық деңгейін көрсетеді. Ассоциативті өріс – бұл вербальді жадының (білім) бөлігі ғана емес, семантикалық және грамматикалық қатынастардың және де сол этностың (біздің жағдайда «қазақ» этносы) ғаламдық бейнесінің фрагменті.

Тіл қоғамда ғана емес, сол қоғамның әрбір мүшесі – индивид санасында да өмір сүреді. Индивид санасында өмір сүретін тілдік жүйенің өзара байланысы арақатынасы, орналасу тәртібі, ассоциациялық өріс негізінде айқындалады. Біз ұлттық мәдениетке қатысты атауларға стимул, реакция жүйесі бойынша жасаған ассоциациялық эксперимент нәтижесін талдау барысында бұған көз жеткіземіз.

Енді материалдық мәдениетке байланысты стимул реакцияларға талдау жасасақ, онда сөз, фраза, тіркес түрінде берілген реакциялардың орын алғанына куә боламыз. Материалдық мәдениетке қатысты атаулардың ассоциативтік өрісі эксперимент негізінде төмендегідей құрылды:

Киіз үй: ұлттық үй-105, баспана - 95, байырғы үй - 66, ыңғайлы ағаш үй - 57, ертедегі қоныс - 36, қазақ отауы - 30, негізгі пана - 5, жайлау, «Абай жолы» - 1;

Нарқобыз: аспап - 137, қобыз - 93, Қорқыт - 35, Ұлытау тобы, музыкалық аспап – 1;

Шаңырақ: отбасы - 155, киіз үйдің төбесі - 95, киіз үй бөлігі - 50, береке - 37, шатыр - 23, киіз үйдің жоғарғы бөлігі - 15, киіз үйдің негізгі бөлігі -1, шатыр, киіз үйдің үстіндегі дөңгелегі, бірлік -1;

Шаңқобыз: үретін аспап - 20, жел, дала - 1;

Кереге – киіз үйдің бөлігі - 167, кендіктің белгісі-133, есіктің екі жағы - 54, киіз үй қабырғасы - 16, ағаш - 10, тор - 4, есіктің жақтауы -1;

Қылқобыз: музыкалық аспап -137, ұлттық аспап, қобыз - 93, Қорқыт - 45, екі ішекті қобыз - 35, қылдан жасалған көпір - 5, жылқы -1;

Түндік – киіз үйдің бөлігі - 152, киіз үйдің түнде жабатын бөлігі - 88, шаңырақты жабатын жабу-60, жабынды-31, киіз үй-9, терезе, шаңырақ төбесі, төрт баулы киіз-3, аспан-2;

Жезқобыз: аспап - 114, қобыз - 86, Қорқыт - 55, жезден жасалған - 45;

Туырлық: киіз үйдің бөлшегі - 182, күмбез -118, киіз - 65, кішкентай ту -10, жіп, мата, рулас -1;

Домбыра: ұлттық аспап - 193, күй - 117, қазақ – 34, нағыз қазақ - 25, екі ішекті - 16, Құрманғазы, қос ішек, тиек, бостандық, Асылбек Еңсепов -1;

Уық: киіз үйдің бөлігі -188, шаңырақты тіреуші -122, ағаш - 49, кереге -21 , күн сәулесі - 11, біртұтас - 3, таяқша -1;

Асатаяқ: аспап -173, таяқ -117, таяқпен ойнайтын -29, қариялардың таяғы - 11, әулие - 8, ата - 5, құрал -1;

Күлдіреуіш : киіз үйдің бөлігі - 211, уықтың бір түрі -118, күмбез -51, би -4, стақан, КВН -1;

Ұран: оятағын сөз-135, ұлттық аспап-125, топ-40, соғыста қолданылады - 43, атой -26, девиз - 11, УРА, дабыл, мақсағ, нақыл, ән-1;

Босаға: үйдің бірінші бөлігі -173, есік - 77, кіреберіс - 42, табалдырық -38, келін - 30, есік аузы - 28, бұрыш -1;

Дабыл: дабылдату -101, ескерту - 89, дыбыс - 72, аспап - 68, соғыста қолданылатын аспап - 45, соғу - 25, қауіп - 6, ұратын аспап, хабар айту, белгі, үн -1;

Табалдырық: есік алды - 233, кіреберіс - 66, қасиетті орын - 51, босаға -43, есік -1;

Даңғыра: ұлттық аспап - 147, жағымсыз дауыс - 63, соғыс аспабы - 59, ұрмалы - 21, барабан, музыкалық аспап -1;

Сықырлауық: есік - 221, ойыншық - 109, ішкі жағынан жабатын - 89, аспап - 5, аяз -1;

Дүңкілдек: аспап - 257, қару - 53, шулы - 20, ұру - 13, барабан - 9, қатты дауысты -1;

Төр: сыйлы жер - 170, қасиетті орын - 113, үйдің жоғарғы жағы - 80, бас - 14, қонақ, есікке қарама-қарсы, жоғары -1;

Желбуаз, мес: қазақтың ыдыстары - 184, аспап - 112, қымыз - 60, торсық - 24, құрал - 7, музыка - 3, мес қарын, мол -1;

Бесік: сәби - 233, бөлеу - 107, төсек - 21, сәбидің отауы - 29, баланың үйі - 10;

Жетіген: ұлттық аспап - 156, асық - 144, шертпелі аспап - 50, киелі - 32, жұлдыз - 17, Қарақат -1;

Шүмек: бесік құралы - 287, ер бала - 37, нәресте - 36, ағаш - 25, шәйнек - 13, әйнек, бесіктің асты -1;

Дауылтаз: ұлттық аспап - 271, дыбыс - 55, барабан - 44, жау , өнерпаз - 23, ұрмалы - 7;

Түбек: бесік құралы - 302, бала - 80, құрлық - 28;

Ит көйлек: салт - 138, ит - 112, көйлек - 80, алғашқы - 51, кіндік шеше - 13, бала - 6;

Киіз үй –ұлттық мәдени материалдық құндылық ретінде қазақ санасында терең құрылым түзген. Сондықтан да респонденттердің басым көпшілігі (105) оның ұлттық мазмұнын басты назарға ұстайтыны байқалады. Ал баспана (95) ретінде көрсеткендерде оның ұлттық деңгейіне емес, әмбебаптығына шұғыл реакция жасайды. Тіркестік құрылым *ыңғайлы ағаш үй, ертедегі қоныс, негізгі пана* секілді түрде берілген. Бір респондент оны «Абай жолымен» байланыстырған. Яғни индивидуалды танымда киіз үйдің қазірде белсенді қолданыста жоқ мүлік екеніне қарамастан, ұлт мәдениетінің көрсеткіші ретінде сақталғанын айғақтайды.

Нарқобыз –респонденттер санасында музыкалық аспап ретінде құрылым түзген аспап (137). Сонымен қатар стимул сөзбен байланысты претеденттік атаулар да реакциялар ретінде берілген. Бұл индивидтің жеке өмірлік тәжірибесінің негізінде. Мысалы, Қорқыт (35), Ұлытау тобы.

Шаңырақ – респонденттер бұл стимул сөзге қазақ халқында қалыптасқан «шаңырақ – отбасы» деген егіз ұғым (шаңырақ құрды – отбасын құрды) негізінде реакция берген отбасы (155), сонымен қатар шаңырақтың киіз үй компоненті ретінде (киіз үй бөлігі (50), орналасуы орнына қарай (киіз үйдің төбесі (95), шатыр (23)), бүтіннің бөлігі ретінде (киіз

үйдің жоғарғы бөлігі (15), киіз үйдің негізгі бөлігі, шатыр, киіз үйдің үстіндегі дөңгелегі), бірлік пен береке нышаны ретінде де респонденттер реакцияларынан айқындалады (шаңырағың биік болсын, шаңырағы күйреді тіркестері дәлел), береке (37), бірлік.

Шаңқобыз, қылқобыз, жезқобыз – бұл стимул сөздерге респонденттердің жасаған шұғыл реакциялары олардың музыкалық аспап ретіндегі қасиетіне негізделген (аспап (114), музыкалық аспап (137), ұлттық аспап, үретін аспап (20), жасалған материалына да негізделген реакциялар бар (жезден жасалған (45), жеке өмірлік тәжірибе мен индивид санасындағы ассоциацияларға негізделген (жел, дала, қылдан жасалған көпір (5), жылқы), респонденттер жасаған реакцияларда Қорқыт есімі кең таралған, бұл өз алдына осы тұлғаның қазақ тілін тасымалдаушы санасында «Қорқыт пен қобыз» ажырамас бір тұтастық екенін аңғартады. Мұндай тенденция басқа да стимул-сөздерге берілген реакциялардан да байқалады. Мысалы, «Құрманғазы мен домбыра».

Кереге, түндік, туырлық, уық, күлдіреуіш – бұл стимул-сөздерге респонденттер визуалдау негізінде реакциялар жасаған(киіз үйдің бөлігі (167), есіктің екі жағы (54), к.ү. қабырғасы (16), ағаш (10), тор (4), есіктің жақтауы; киіз үйдің түнде жабатын бөлігі (88), шаңырақты жабатын жабу (60), жабынды (31), киіз үй (9), терезе, шаңырақ төбесі, төртбаулы киіз (3), аспан (2); күмбез (118), киіз (65), кішкентай ту (10); шаңырақты тіреуші (122), ағаш (49), кереге (21), күн сәулесі (11), біртұтас (3), таяқша, уықтың бір түрі (118), күмбез (51);), қазақ халқының тілдік санасында қалыптасқан «кереген кең болсын» деген тіркеспен қатысты – кеңдіктің белгісі (133).

Домбыра – ұлттық құндылық ретінде қазақ тілін тасымалдаушының тілдік санасында айқындалған (ұлттық аспап (193), респонденттер реакцияларынан «Домбыра – күй» біртұтастығын нақты байқаймыз (күй (117), қазақтың тілдік санасында терең орныққан «нағыз қазақ – домбыра» деген түсінік бар, шұғыл реакциялар нәтижесінде бұл түсінік айқындалды (қазақ (34), нағыз қазақ (25), индивидтердің жеке ассоциацияларында претенденттік атаулар да кездеседі (Құрманғазы, Асылбек Еңсепов), құрылысы мен құрамдас бөліктерін визуалдау нәтижесінде мынадай реакциялар жасалды: екі ішекті (16) қос ішек, тиек, бостандық.

Астаяқ – бұл стимул-сөзгереспонденттер музыкалық аспаптың жақсы таныстығымен байланысты реакция жасаған (аспап (173), ол қазіргі кездегі өнер адамдарының ұлттық аспаптарды жиі пайдаланатындығымен де байланысты деуге болады, сонымен қатар *таяқ* сөзі аясында реакциялар көптеп кездеседі (таяқ (117), таяқпен ойнайтын (29), қазақ халқының ғаламдық тілдік бейнесінде «қария – таяқ» түсінігі бар, бұған тәжірибе нәтижелері дәлел (қариялардың таяғы (11), әулие (8), ата (5).

Ұран – респонденттер жасаған реакциялар нәтижесінен біз «ұран» ұлттық аспап ретінде құрылым түзгенін байқаймыз (ұлттық аспап (125), омонимдік құбылыс респонденттер реакцияларына әсер етті (оятағын сөз (135), топ (40), соғыста қолданылады (43), атой (26), девиз (11), УРА, дабыл, мақсағ, нақыл, ән). Лингвомәдениеттанушы ғалым Ж.Манкееваның еңбегінде ұран – ұлттық музыкалық аспап [4].

Босаға – бұл стимул-сөзге респонденттер үйдің құрамдас бөлігі ретінде реакциялар жасайды (үйдің бірінші бөлігі (173), есік (77), кіреберіс (42), табалдырық (38), есік аузы (28), бұрыш); қазақ этносы санасында «келін – ақ босаға аттау» түсінігі бар, бұған реакция нәтижелері дәлел (келін (30).

Дабыл – бұл атау туындатқан ассоциациялық өріс негізінен *қауіп, ескерту, соғыс негатив*) аясында өрбиді (дабылдату (101), ескерту (89), дыбыс (72), аспап (68), соғыста қолданылатын аспап (45), соғу (25), қауіп (6), ұрағын аспап, хабар айту, белгі, үн).

Табалдырық – респонденттер бұл стимул-сөзге респонденттер үйдің құрамдас бөлігі ретінде реакциялар жасады (есікалды (233), кіреберіс (66), босаға (43), есік), қазақ халқының өмірлік тәжірибесінде «табалдырықтың» магиялық жағы да көрінеді, «табалдырықта

отырма, табалдырықта амандаспа) бұл респонденттердің реакцияларынан көрініс тапты (қасиетті орын (51).

Даңғыра, дүңкілдек – бұл стимул-сөздер респонденттер санасында музыкалық аспап ретінде, соның ішінде ұрмалы аспап ретінде құрылым түзген, мейлінше барабанның сапалық қасиеттері ескеріліп реакциялар жасалған, яғни жағымсыз дауысы, қолданылу аясы (соғыста) (ұлттық аспап (147), соғыс аспабы (59), ұрмалы (21), барабан, музыкалық аспап; аспап (257), қару (53), шулы (20), ұру (13), барабан (9), қатты дауысты жағымсыз дауыс (63).

Сықырлауық – бұл стимул-сөзге респонденттер үйдің құрамдас бөлігі ретінде (есік (221), ішкі жағынан жабатын (89), «сықырлау» етістігін негізге алып реакциялар жасаған (ойыншық (109), аспап (5), аяз).

Төр – респонденттер берген реакциялардан байқайтынымыз «төрдің» қазақ тілін тасымалдаушылардың тілдік санасында ерекше сыйлы орын ретінде қалыптасқаны (сыйлы жер (170), қасиетті орын (113), үйдің жоғарғы жағы (80), бас (14), қонақ, жоғары).

Желбуаз, мес – респонденттер берілген стимул-сөздерге ұлттық салт-дәстүр негізінде (ыдыс туралы білімдері) реакциялар жасаған (қазақтың ыдыстары (184), аспап (112), қымыз (60), торсық (24), құрал (7), музыка (3), мес қарын, мол);

Бесік – бұл стимул-сөзге респонденттер жасаған реакциялардан біз «сәби-бесік» тұтастығын айқындаймыз (сәби (233), бөлеу (107), төсек (21), сәбидің отауы (29), баланың үйі (10).

Жетіген – ұлттық мәдени материалдық құндылық ретінде қазақ санасында терең құрылым түзген (ұлттық аспап (156), құраушы бөлшектері, сапалық қасиеттері негізінде реакциялар жасалынған (асық (144), шертпелі аспап (50), киелі (32), жұлдыз (17), жетіген аспабын қазір ұлттық құндылық ретінде сахнаға жаңа тыныста жарыққа шығарған әнші де реакциялардан көрініс тапты (Қарақат);

Түбек – бұл стимул-сөзге респонденттер реакциялары бесіктің құрамдас бөлігі түсінігіне негізделген (бесік құралы (287), ер бала (37), нәресте (36), бесіктің асты), омонимдік құбылыс та реакция нәтижесінен көрінді (шәйнектің шүмегі, түбек – құрлық (28) (шәйнек (13), жасалу материалдары турасындағы тұжырымдар да реакцияларда көрініс берді (ағаш (25), әйнек, мамық (107), түйе жүн (22), шүберек (147).

Ит көйлек – респонденттер бұл стимул-сөзге салттың мазмұнына сәйкес реакциялар жасады, яғни респонденттердің бұл ғұрыппен толыққанды таныс екенін айқыналды (салт (138), ит (112), көйлек (80), алғашқы (51), кіндік шеше (13), бала (6).

Адам санасы белгілі бір ұғымды тану кезінде ақпарат қаншалықты қабылданса, соншалықты жадта сақталады, содан соң сол ұлттың тілі арқылы көрініс береді. Тілдің көмегімен қандай да бір әрекетті, шындықты зерттеп тани отыра санаға ассоциацияны немесе ұғымды қалыптастырып жеткізу үшін адам білімдік, мәдени, рухани ұғымдарға жүгінеді. Олар тілдік қорда лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық құрылымдар арқылы бейнеленетінін байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008. 359 б.

[2] Фрумкина Р.М. Психоллингвистика. М.: Академия, 2001. С. 24.